

Халықтық дәстүрге айналса...

10 тамыздың "Абай күні" болып белгіленуі мен үшін жақсы жаңалық болды. Біздің қоғамда "науқанышылдық" деген жаман дерт бар, осындай ұлымдарымызды тек мерейтойындаған есімізге алып, мерейтойы өткен соң келесі мерейтойына дейін "ұмытып" кетеміз. Ал, Абайды тым болмаса жылына бір рет есімізге алып тұрсақ та өскелең үрпак тәрбиесі үшін жаман болмас еді. Жалпы Абай шығармашылығы казақ ұлтының өмір сүру қағидағына айналуы қажет. Әсіресе, Абай айтқан 5 жақсы мен 5 жаман "толық адам" тәрбиелеудің формуласындағы болуы керек. Жыл сайын өткізіліп жүрген "Абай окулары" атты сайысты тек мектеп окушылары арасынан озып шыкқан жүйріктер арасындаған өткізбей, Абай шығармаларын жаттауды жас ерекшелік-



теріне қарамай жалпыхалықтық дәстүрге айналдырысак, ұтарымыз көп болар еді!

**Айбек ҚАЛИЕВ,
айтыскер ақын.**